

**Райымбек ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), Райымбек ауданының ауылдық елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы**

Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2022 жылғы 31 наурыздағы № 26-115 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 27 сәуірде № 27777 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 8-бабының 2-тармағына, 11-бабының 1-тармағына сәйкес, Райымбек аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Райымбек ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасы (схемасы) осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Райымбек ауданының ауылдық елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Райымбек аудандық мәслихатының "Райымбек ауданының жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларын түзету коэффициенттері мен елді мекендердегі аймақтардың шекараларын бекіту туралы" 2012 жылғы 11 маусымдағы №5-33 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2-15-121 болып тіркелген) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім оның ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.


*Райымбек аудандық мәслихатының хатшысы*

*Г. Арипова*

Райымбек аудандық мәслихатының  
2022 жылғы 31 наурыздағы № 26-115  
Райымбек аудандық мәслихатының  
шешіміне 1-қосымша

**Райымбек ауданы жерлерін аймақтарға бөлу жобасы (схемасы)**

**Алматы облысы Райымбек ауданының  
ауылдық елді мекендерінің жерлерін  
аймақтарға бөлу  
СХЕМАСЫ**



Райымбек аудандық маслихатының  
шешіміне 2-қосымша

**Райымбек ауданының ауылдық елді мекендердің бағалау аймақтарының шекаралары және базалық салықтық ставкаларына түзету коэффициенттері**

№	Ауылдық елді мекендердің атауы	Кадастрлық кварталының нөмірі	Аймағының нөмірі	Түзету коэффициенті
---	--------------------------------	-------------------------------	------------------	---------------------

1	2	3	4	5
1	Сүмбе ауылы	021, 022	I (0,88-0,89)	1,5
2	Текес ауылы	037, 038		
3	Жамбыл ауылы	031		
4	Қайнар ауылы	042, 043	II (0,82-087)	1,2
5	Қақпақ ауылы	045		
6	Сарыбастау ауылы	016, 017		
7	Сарыжаз ауылы	012, 013		
8	Тегістік ауылы	028		
9	Қарасаз ауылы	009, 010		
10	Шалкөде ауылы	001		
11	Қаратоган ауылы	032	III (0,70-0,80)	1,0
12	Көкбел ауылы	047		
13	Қызылшекара ауылы	019		
14	Жаңатекес ауылы	039		
15	Талас ауылы	003		
16	Көмірші ауылы	015		
17	Қостөбе ауылы	024		
18	Тұзкөл ауылы	007		
19	Ақбейіт ауылы	014		
20	Нарынқол ауылы	051	I (1,03-1,08)	
		050 049		
		052	II (0,82)	1,2
		053	III (0,58)	1,0